


Қазіргі заман ХХ ғасыр философиясы



ПОЗИТИВИЗМ

Қазіргі замаңғы таным теориясының бағыты. Ол негізін қалаушы – француз философы Огюст Конт (1798-1857). Позитивистердің пікірінше, «болмыс», «материя», «сана» және т.б ұғымдарға, абстрактылық ойлауға сүйенетін дәстүрлі философия енді жарамсыз, себебі, тек тәжірибе немесе ғылыми эксперимент арқылы тексерілген позитивті, жағымды білім ғана ақиқат, нақты, жаратылыстану ғылымдарына математикаға жақын философия ғана ақиқат философия. Позитивизм өзі дамуында үш кезеңнен өтті:

1) бірінші позитивизм алғашқы болып қойып, философияның міндеті – объективті өмір сүруші материалдық дүние туралы нақты ғылымдар жинаған білімдерді қорыту және жүйелеу деди Бұл кезеңнің екілдері – О.Конт, Г. Спенсер, Дж.Милль.



Махизм


- Махизм – дүниені түйсіктер жиынтығы ретінде бейнелеу философия адам тәжірибесінің сезімдік негізін, психифизиологиялық формаларын сараптауы тиіс деп есептеді, яғни субъективтік идеализмге көбірек бет бұрды. Негізгі өкілі – австриялық физик Э. Мах. Р.Авенариус



Зигмунд Фрейд (1856 – 1939)

Бейсаналықты ашты

- Адам психикасының 3 деңгейі бар;
- **Ego** – мен
- **Super ego** – өзіндік санадан жоғары.
- **Libido** – құштарлық, іңкәрлік. Id



Бейсаналықтың 2 негізгі истинкі бар.

- Эрос – өмір инстинкті
- Танатос – өлім истинкі



Феноменология. Эдмунд Гуссерль

- Феноменология – интуиция арқылы көрінетін идеалдық мән мағынаны зерттейтін ілім.
- Эпохе - заттың кеңістік пен шеңберінде өмірлік байланысын «жақшаға алу» , «сөндіру».

- Феноменология сананы тазарту



Герменевтика (түсіндіру). Ф.Шлейрмахер, В.Дильтей, Г.Гадамер

- Герменевтика – басқа тұлғаның қайталанбас жақтарын тіл арқылу ашу, сөз саптау өнері.
- «Болмыстың үйі - тіл»
- Тілді талдау, оның сырын ашу.



Экзистенциализмдегі негізгі категориялар

- Жалғыздық
- Жауапкершілік
- Үрей
- Ажал
- Бостандық
- Шекаралық жағдай
- Ештеңе
- Абсурд



Постмодернизмнің негізгі тұжырымдары:

- 1) Объективтілік реалдылық көпөлшемді, оның мәні мен формаларының арасындағы байланыс-қатынастарының сипаты сан түрлі қасиетерге ие. Объективтік реалдылық идеалдық немесе материалдық қана емес, сонымен қатар мистикалық, эзотерикалық бола алады. Дүние ұйымдастырылған ғана емес, ретсіз, хаостық сипатқа да ие.
- 2) Онтологиялық плюрализм мен гносеологиялық плюрализм бірлігі. Мәдени өмірдің салаларының арасындағы шекаралар жойы керек, таным теориясындағы бірін-бірі толықтырушылық, көптәсі көзқарастардың әр түрлілігі дінде де орын алуы тиіс.
- 3) Адамдардың араласуындағы монологиялық текст-мәтіндердің орнын сұхбаттасу, үйренушілер мен үйретушілердің бір-біріне өзара әсері, оқыту процесін белсенді ететін әр түрлі тәсілдердің көптігі басуы тиіс.

Структурализм

XX-ғасырдың 60-жылдары Францияда қалыптасқан. лингвистика ғылымымен тығыз байланысты, өзінің негізгі философиялық-методологиялық міндетін адамның рухани-мәдени қызметінің игілі бір тарихи кезеңдер үшін жалпылық сипатқа ие болатын жемістерін зерттеу, баяндау және түсіндіру деп анықтайтын ағым. Басты өкілдері – К.Леви-Строс, М.Фуко. К. Леви-Строс (1908). Структурализм бағытының

91

өкілдерінің түсінігінше, құрылым (структура) объектінің бөліктері мен элементтеріні жай жиынтығы емес, ол абстракция арқылы ашылатын жасырын қатынастардың жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда структурализм белгіле: жүйесін зерттейтін семиотика ғылымымен тығыз байланысты

Белгілер жүйесін швейцарлық лингвист Ф. Соссюр бөліп көрсетіп, негізгі назарды тіл жүйесінің элементтерінің өзара әсер етуіне аударған болатын. К.Леви-Строс осы методты қолдана отырып алғашқы қауымдық тайпаларды? некелік-туыстық қатынастарын, рәсім-салттарын, дәстүрлерін, мифтерін тотемизмін зерттеді және олардың қоғамдық институттардың құрылымдары ретінде адамның мінез-құлқына айқындаушы әсер ететінін көрсеті Леви-Стростың философиялық концепциясында бейсаналылықтық құрылымы ерекше орын алады. Оның пікірінше, бейсаналы Фрейд айт қандай энергиялық-биологиялық сипаттағы иррациональдік импульстер емес, керісінше, логикалық, рациональдік мазмұнға ие, белгі жүйелерінің жасырын, бейсаналы механизмі. Леви-Стростың жетістігі ретінде оның мифтерді әлеуметтік құрылымның тұрақтылығының негізі ретінде тереңдеп зерттеуін атауға болады.

Герменевтика

Түсіну туралы, рух туралы ғылымдарды ғылыми менгеру туралы ілім. Терминнің өзі көне Грецияда пайда болды, алынған хабарды белгілі бір ережелер мен интуицияға сүйене отырып түсіндіру өнері дегенді білдіреді. ХХ-ғасырда феноменология және экзистенциализм бағыттарының шеңберінде дамыған герменевтиканың негізін қалаушы Ф. Шлейермахердің (1768-1834) түсіндіруі бойынша, бұл Евангелие мәтіндері авторларының рухани дүниесіне ену тәсілі. Герменевтикада философиялық пайымдау объектісі болып тіл танылады. Неміс философы В.Дильтей герменевтиканың өрісін кеңейтіп, оның міндетін белгілі бір философиялық бағыттың өкілінің ғана емес, тұтас дәуірдің, мәдениеттің ішкі дүниесін түсінуге мүмкіндік беру деп анықтады. М.Хайдеггердің ойынша, «тіл – болмыстың үйі», яғни тіл арқылы адамның ішкі феномендеріне үңілуге болады, ол түсінудің бастауы.

Неміс философы Х.Г.Гадамер мәтін-тексті ақырғы реалдылық деп жариялап, оны философиялық пайымдау объектісіне айналдырды. Герменевтика тәсілі арқылы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, философиялық ой-ларының тылсым қатпарларына үңілуге болатындығын қазақ философы, академик Ғарифолла Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде жақсы дәлелдеп шықты. Абайдың шығармаларына герменевтикалық талдау жасау арқылы ол ұлы ақынды терең ойлы философиялық тұлға ретінде тамаша ашып көрсетті.

Прагматизм

Прагматизм қазіргі заманғы субъективтік идеализмнің американдық түрі. Оның басты өкілдері Ч.Пирс (1839-1914), У. Джемс (1842-1910), Дж.Дьюи (1859-1952) т.б. Прагматизмді жақтаушылар дәстүрлі философиялар адамдардың күнделікті іс-ерекеті үшін пайдасыз, өйткені "болмыс", "сана", "материя", "идея" деген сияқты дерексіз ұғымдармен айналысқандықтан, адамдардың мақсат-мүдделеріне қызмет етпейді, сондықтан ондай дерексіз жалпы проблемаларды, меселен объективтік шындықтың мені, философияның негізгі меселесі жайындағы мәселелерді, т.б. лақтырып тастап, тікелей практикалық істермен айналысса ғана дағдарыстан шыға алады деп делелдеуге тырысады.

Демек, философияның міндеті, дейді олар, дерексіз бос сөзбен айналыспай, адамдардың бақытты тұрмысқа жетуіне кемектесуде. Прагматизмнің негізін қалаушылар біз бүкіл ескі философиядан үзілді-кесілді бас тартып, жаңа философия жасадық деді кезінде. Өздерінің жаңа философиясының бастапқы негізі ретінде олар адамды, адамның практикалық іс-әрекетін ұсынды, бірақ олар "практика" ұғымының мәнін мүлдем басқаша түсінді — прагматизм практика деп жеке адамдардың қара басының мүддесіне сәйкес пайда табуды, табысқа жетуді түсінді. Практиканың ғылыми-философиялық ұғымына қарама-қарсы прагматизм философияның негізгі мәселесін идеализм тұрғысында шеше отырып, практика (пайда табу, табысқа жету) барлығының негізін құрайтын бірден-бір шындық деп есептейді. Практикадан тыс, тәжірибеден тыс ештеңе жоқ және болуы да мүмкін емес. Олардың пікірінше, тәжірибе материалдықты да, идеалдықты да, объективтікті де, субъективтікті де, бір сезбен айтқанда дүниеде бардың бәрін қамтиды. Тәжірибе, дейді Дьюи, түс керуді, есаландықты, ауруды, өлімді, еңбекті, соғысты, адасуды, жалғандықты және қателікті қамтиды; ол... сиқырлықты, жалған нанымды, сондай-ақ ғылымды да қамтиды

Экзистенциализм

XX ғасырдың орта шенінде Батыста ең кең тараған субъективтік-идеалистік философияның бірінен саналады. Экзистенциализм капитализмнің жалпы дағдарысының идеологиялық бейнеленуінің бір формасы болып табылады. Оның ірі өкілдері М.Хайдеггер (1889-1976), К.Ясперс (1883-1969), Г. Марсель (1889-1973), Ж.Л.Сартр (1905-1980), А.Камю (1913-1960) және басқалар. Экзистенциализм, немесе „өмір сүру философиясы“, буржуазиялық философияның иррационалистік (адамның ақыл-ойының күшін жоққа шығаратын) бағыттарының бірінен саналады. „Экзистенция“ ұғымы (латынша *existerētia* — өмір сүру дегенді білдірсді) экзистенциализмде ерекше рөл атқарады, оның барлық философиялық қағидаларының бастапқы негізін құрады. Бірақ экзистенциализмнің бастапы негізі материяның, заттар дүниесінің өмір сүруі емес, жеке адамның өмір сүруі, оның көңіл күйі, сезімі, ішкі талпынысы, яғни езінің психикалық сезім құбылыстарының жиынтығы арқылы көрінетін субъекттің өмір сүруі.

Неотомизм діни идеологиясы

XX ғасырдағы діни философия, объективтік идеализмнің қазіргі заманғы бір түрі. Бұл — ортағасырлық схоластикалық философ Фома Аквинскийдің қазіргі жағдайларға бейімделіп жаңартылған ілімі. Табиғат жайындағы ғылымдар материалдық дүниенің жаңа заңдылықтарын ашуда орасан зор табыстарға жетіп жатқан қазіргі заманда идеялық түрғыдан кертартпа күштер қалың бұқара халыққа рухани жағынан ықпал жасаудың ғасырлар бойы сыналған құралы — дін мен діни идеологияны барынша пәрменді пайдалануға тырысады. Олар ғылымды "зиянсыздандырып" өлсірету үшін, ғылыми жаңалықтарды діни мақсатта пайдалану үшін, сөйтіп адамдардың діни сенімін жандандырып, өрістету үшін бар күшін салуда. Неотомизм дәл сондай белсенді діни-философиялық ағым болып табылады. Неотомизмнің ең белгілі өкілдері: Ж.Маритен (1882-1973), Э.Жильсон (1884-1978), Й. Бохеньский (1902-?), т.б. Неотомизм объективтік-идеалистік философия ретінде ортағасырлық схоластиканың ілімін жай қайталап қана қоймайды

Оның ілімі мен діни қызметі өлдеқайда кең. ауқымды: неотомистер қазіргі заманғы ғылымның жаңалықтары мен теорияларына идеалистік тұрғыдан түсіндірме беруді, сөйтіп ақыл-парасат пен діни сенімді, ғылым мен дінді үштастыруды ез философиясының басты бір міндеті етіп қойды. Ғылыми-материалистік кезқарасқа қарсы күресу олардың қызметінде маңызды орын алады. "Сенім мен білімді бір-бірінен айыра білуді" және оларды үйлестіруді неотомистер бүкіл философияның алғышарты деп жариялады. Сенім мен білім бірін-бірі жоққа шығармайды, қайта олар құдай бізге берген ақиқаттың екі көзі ретінде бірін-бірі толықтырады, өйткені дүниені табиғаттан тыс күшпен бағынады: ғылым табиғат дүниесін ғана танып біледі, ал дін табиғаттан тыс жоғары дүниені танып біледі. Дүниенің жасырын сыры — діннің қолында, ал ғылым білімнің томенгі деңгейі болып табылады, сондықтан ғылым дінге қызмет етуі, құдай болмысын т.б. негіздеумен, дәлелдесумен айналысуы тиіс.

Персонализм

Неотомизм кейінгі кездерде терең дағдарысқа ұшырады. Ол өзінің алдына қойған міндеттерін ойдағыдай орындай алмайтындай дәрежеге жетті. Сол себепті діни философияның ішінен басқа философиялық ағымдар шыға бастады. Солардың бірі ретінде персонализм деген теистік антропологиялық ілім пайда болды. Ол XX ғасырдың 30-жылдарында ұсақ буржуазиялық топтардың қоғам өмірінде адамдық қатынастардың құлдырауына наразылық білдіруінің нәтижесі ретінде туды. Персонализм Англия мен Америкада кеңінен тарады. Оның өкілдері Х.У.Керр (1857-1931), Р.Т.Флюэллинг (1871-1960), Э. Ш.Брайтмен (1884-1953), В.Штерн (1871-1938) және т.б. Персоналистер адамды дүниенің субстанциясы санай отырып, оны екі тұрғыдан талдайды: табиғаттан тыс, тәжірибеден тысқары, рухани тұрғыда (адам-тұлға) және материалдық, тәжірибелік (жеке-дара адам) тұрғыда. Адам — тұлға, өйткені ол өздігінше қызмет етсді, оның ерікті де ақыл-парасатты рухани бастамасы бар. Адам — тұлға, өйткені ол рухани болмыс ретінде өмір сүре алады. Мұның мәні сол, тұлға дін белгілеп берген адамдық белгілердің жиынтығын құрады — бұл адам денсінде әрекет ететін „жан". Ал енді жеке адамға келсек, ол материяның өншейін жай бөлігі, оның психикалық тіршілігі бар, қоғамның жай бөлігі. Түбінде өлетін ол бүкіл іс-әрекетін тұрмыс қажетін өтеуге жұмсайды. Табиғат пен қоғамның бір бөлігі ретінде жеке адам қоғам заңдылықтарына да, табиғат заңдылықтарына да бағынады.

Персоналистердің пікірінше, дүниені танып білуге болады, өйткені оны жаратқан тұлға. Жасампаз тұлғалар бірдей болмайтындықтан, олар өздеріне іс жүзінде керекті заттар мен құбылыстарды ғана жаратады. Адамның дүние танымы шексіз, сондықтан ол, персоналистердің ілімі бойынша, өзіне теуелді нерселердің берін танып біле алады, бірақ жоғарғы рухани тұлға жаратқанның бәрін бірдей танып біле алмайды. Атап айтқанда, адам дүниенің мәні неде екенін, оның дамуының негізінде қандай мақсаттар жатқанын т.б. танып біле алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: дүние жайыңца толық білім алу үшін ғылымда жүзеге асатын адамдық таным процесі жеткіліксіз, сондықтан дүниенің мәнін танып білудің басқа жолы қажст. Танымның ол басқа жолын дін керсетеді. Бұдан діннің қажеттігі келіп шығады, өйткені адамды жоғарғы, құдай ндеясымен қосатын, сөйтіп болмыстың сырын ашып берстін сол дін. Діннің қажеттілігін, оның ғылыммен қарым-қатынасын персоналистер мінс осылайша негіздейді.

ТОМИЗМ

Құдайдың болмысын дәлелдеп, дүниедегі орнын анықтауды, неотомистер адам болмысы мәселелерімен толықтырды. Алем, олардың түсінігінде, болмысқтың негізгі элементі, сол арқылы тарих жүріп, ол жоғарғы даму деңгейге, яғни жоғарғы діни құндылықтарға негізделген қоғамға “құдай қаласына” жеткізеді. Философия, неотомистердің ойы бойынша, ғылым мен теологияны қосатын көпір. Егер теология аспаннан жерге түссе, философия жерден құдайға қарай көтеріледі, соңында теология жеткен қорытындыларға ол да келеді

АНТИСЦИЕНТИЗМ

Байлықтың өсуі адамзаттың рухани – адамгершілік жолындағы өрлеуін тездеткен жоқ, тіпті, керісінше, оны тоқыратып тастағандай болды. Бір жағынан, жер бетінде өмірдің қызығына тоймай, күнбе –күнгі өмірден ләззат іздеген дамыған елдердегі “алтын миллиард”, екінші жағынан, күнбе- күн аштықтың зардабын көрген тағы да “миллиард”, ал ол екеуінің ортасында аласапыран қиындықтарды бастан өткізіп, жақсы өмірге ұмтылып жатқан кедей елдердегі адамзаттың қалған 4 миллиарды! Бүгінгі таңда 20ғ орта кезіңінде пайда болған адамзаттың жарқын болашағы жөніндегі идеялар біршама сөніп, ғасырдың аяғына қарай пессимистік антисциентистік дүниесезім бой алып келе жатқа секілді.